ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 27 желтоқсан №4360-23-00-2/3174 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Н.Б.Еламанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Шиелі орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Лидер Сервис» атауымен әрекет етуші Эркин Ахмедович Ибрагимов жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Шиелі орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Лидер Сервис» атауымен әрекет етуші Эркин Ахмедович Ибрагимов жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Лидер Сервис» атауымен әрекет етуші Эркин Ахмедович Ибрагимов жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Лидер Сервис» атауымен әрекет етуші Эркин Ахмедович Ибрагимов жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 2652 (екі мың алты жүз елу екі) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 805 (бір мың сегіз жүз бес) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 28.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 12.02.2024, судья Еламанов Н. Б., 14.02.2024
4360-23-3-1/3337

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Көшірме дұрыс

Судья **Н.Б. Еламанов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 12.02.2024 жылы енді.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 28.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.02.2024, судья Еламанов Н. Б., 14.02.2024

ЕЛІМІЗ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство